



Экспресс ТЖ



ҚАЗАҚ ҚАТЫНАС ЖОЛДАРЫ УНИВЕРСИТЕТІ

2004 жылдан бастап шығады

қаңтар
январь

2026 №1 (224)

Мемлекет басшысы «Қазақстан темір жолы» ҰК» АҚ басқарма төрағасы Талғат Алдыбергеновті қабылдады

2026 жылғы 16 қаңтар

Қасым-Жомарт Тоқаевқа компанияның өткен жылы атқарған қызметінің нәтижелері жөнінде мәлімет беріліп, алдағы кезеңге арналған жоспары таныстырылды.

Талғат Алдыбергенов тарифтік жүк айналымы 10 пайызға артып, 289 миллиард тонна-шақырымды құрағанын айтты. Тасымал көлемі 5,5 пайызға ұлғайып, 320 миллион тоннаға дейін жеткен. Экспорттық тасымал 89 миллион тоннадан асты. Жүк транзиті 20 пайыздан астам өсіп, 33 миллион тонна болды.

Президентке былтыр пайдалануға берілген Достық – Мойынты темір жолының екінші желісі арқылы 6 миллион тонна немесе 100 мың вагоннан аса жүк жеткізілгені баяндалды. Алматы бекетін айналып өтетін темір жолдағы техникалық қозғалысқа рұқсат етілді. Теміржол инфрақұрылымдарын тарту және жаңғырту

жұмыстары жалғасып жатыр. Жобалардың жалпы ұзындығы 3900 шақырымды құрайды. Қасым-Жомарт Тоқаевқа компания қызметінде қауіпсіздікті, тиімділік пен ашықтықты қамтамасыз ету үшін жасанды интеллектті енгізу арқылы цифрлық жобалар жүзеге асырылып жатқаны айтылды. Тәлімгерлік институты жолға қойылып, жастар кадрлық резерві жасақталған. Президент әлеуметтік мәселелерді шешудің маңызын атап өтіп, теміржолшыларға арналған қолжетімді тұрғын үй салу бастамасын құптады.

Мемлекет басшысы «Қазақстан темір жолы» ҰК» акционерлік қоғамын трансформациялауды жалғастыру, ірі шетелдік компаниялармен ынтымақтастықты нығайту, цифрлық шешімдерді енгізу, мультимодальдық логистиканы дамыту мақсатында инфрақұрылымдарды кеңейту жөнінде тапсырма берді.

Akorda.kz, сайтынан

Астанада Horizon Europe бағдарламасы бойынша халықаралық воркшоп басталды

Астанада қазақстандық ұйымдардың Horizon Europe бағдарламасына қатысу мүмкіндіктері мен аса маңызды шикізат материалдары саласындағы халықаралық ғылыми-технологиялық ынтымақтастықты дамытуға арналған екі күндік халықаралық воркшоп өтті. Іс-шара Еуропалық комиссия мен Nazarbayev University қолдауымен ұйымдастырылды. Воркшопқа университеттер мен ғылыми ұйымдардың, индустриялық серіктестердің өкілдері, халықаралық сарапшылар, сондай-ақ халықаралық ғылыми жобаларды сүйемелдейтін ұйымдар қатысты.

Воркшоптың ашылуында Еуропалық одақтың Қазақстан Республикасындағы делегациясы басшысының орынбасары Ааро Юлитало, Nazarbayev University ғылым жөніндегі вице-проректоры Бьерн Биргиссон және ҚР ҒЖБМ Ғылым комитеті төрағасының орынбасары, сондай-ақ Қазақстандағы Horizon Europe бағдарламасының ұлттық үйлестірушісі Алия Сембаева құттықтау сөз сөйледі.

Негізгі сарапшы ретінде Еуропалық одақтың халықаралық сараптамалық қолдау жүйесінің сарапшысы Манфред Шпильберг қатысты. Спикерлер өз баяндамаларында халықаралық ғылыми-технологиялық ынтымақтастықтың стратегиялық маңызын, Horizon Europe бағдарламасының

әріптестіктерді дамытудың өзектілігін атап өтті.

19-20 қаңтар күндері қатысушылар үшін Horizon Europe бағдарламасына қатысудың практикалық қырлары, соның ішінде өтім беру ережелері, халықаралық консорциумдарды қалыптастыру тетіктері және серіктес іздеу құралдары таныстырылады.

Бағдарлама аясында аса маңызды шикізат материалдары мәселелеріне арналған жеке тақырыптық сессия да қарастырылған. Аталған воркшоп қазақстандық ұйымдардың Horizon Europe бағдарламасына қатысу ауқымын кеңейтуге, серіктестік байланыстарды нығайтуға, технологияларды бірлесіп дамытуға, тәжірибе алмасуға және отандық ғылымды халықаралық зерттеу мен инновациялық желілерге жүйелі түрде интеграциялауға бағытталған ұзақ мерзімді ынтымақтастықты қалыптастыру жолындағы маңызды қадам ретінде қарастырылады.

Халықаралық ынтымақтастық
Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім

қазақстандық ұйымдарды еуропалық зерттеу кеңістігіне кіріктірудегі ролін, сондай-ақ ғылым мен өнеркәсіп арасындағы ұзақ мерзімді

АСТАНАДА ЖОҒАРЫ БІЛІМ САПАСЫН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ МӘСЕЛЕЛЕРІ ТАЛҚЫЛАНДЫ



15-16 қаңтар күндері Астана қаласында ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті мен Nazarbayev University ұйымдастыруымен «Жоғары білім сапасын қамтамасыз ету: жай-күйі және даму перспективалары» атты республикалық форум өтті.

Ауқымды басқосуға ҚР Ғылым және жоғары білім министрі Саясат Нұрбек, мемлекеттік органдардың өкілдері, халықаралық ұйымдар мен сараптамалық қауымдастық мүшелері, сондай-ақ еліміздің жетекші жоғары оқу орындарының басшылары қатысты. Форум жұмысына Халықаралық көліктік гуманитарлық университетінің атынан (МТГУ) арнайы барып, жоғары білім сапасын арттыруға бағытталған пікір алмасуларға белсенді түрде қатысты.

Форумның алғашқы күні QAA, ASIN және IAAR халықаралық аккредиттеу агенттіктерінің қатысуымен воркшоптар ұйымдастырылды. Онда университеттерді халықаралық аккредиттеуге даярлау, сапа мәдениетін қалыптастыру, сондай-ақ білім беру қызметтерінің экспортын дамыту мәселелері кеңінен талқыланды.

Іс-шараның екінші күні PhD докторанттардың ғылыми-зерттеу жұмыстары нәтижелерінің сапасын бағалаудың жаңа тәсілдеріне, жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарындағы ішкі сапаны қамтамасыз ету жүйелерін жетілдіруге, сондай-ақ білім беру саласын реттеу және рұқсат беру саясатына арналған тақырыптық сессиялар өтті.

Форумның басты оқиғасы жоғары білім мен ғылым сапасын қамтамасыз ету жүйесінің қазіргі жағдайы мен даму бағыттарына арналған пленарлық отырыс болды. Онда заманауи технологиялық және нормативтік өзгерістердің жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру саласына ықпалы жан-жақты сараланды.

Жиын қорытындысында қатысушылар сапаны қамтамасыз ету тетіктерін одан әрі дамыту, халықаралық ынтымақтастықты кеңейту және ұлттық білім беру жүйесіне үздік шетелдік тәжірибелерді енгізудің маңыздылығын атап өтті. Аталған форумға қатысу Халықаралық көліктік гуманитарлық университетінің (МТГУ) стратегиялық даму бағытымен тікелей үндеседі. Университетте білім беру сапасын арттыру, халықаралық аккредиттеу талаптарына сәйкестік, оқу үдерісіне заманауи білім беру стандарттарын енгізу және ғылыми-зерттеу әлеуетін күшейту басым бағыттар ретінде айқындалған. Форум барысында талқыланған мәселелер МТГУ-да жүзеге асырылып жатқан институционалдық реформалар мен сапаны қамтамасыз ету жүйесін жетілдіруге тәуір серпін беріп, университеттің ұлттық және халықаралық білім кеңістігіндегі бәсекеге қабілеттілігін арттыруға бағытталды.

ТҮРДАЛИЕВ Әуесхан Тұрдалыұлы,
МТГУ ректоры

ҚР ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРІ Саясат Нұрбек Coventry University барды

Bett UK 2026 халықаралық көрмесі аясында ҚР Ғылым және жоғары білім министрі Саясат Нұрбек Ұлыбританияның жетекші жоғары оқу орындарының бірі – Coventry University барды. Кездесу барысында университеттің негізгі академиялық және ғылыми-зерттеу құрылымдарының бірі саналатын инженерия мектебінің қызметіне ерекше назар аударылды.

Сапар аясында министр Coventry University ректоры Джон Лэтэммен, халықаралық байланыстар жөніндегі проректоры Ричард Уэлспен, сондай-ақ университеттің жетекші мамандарымен кездесу өткізді. Тараптар академиялық және технологиялық ынтымақтастықты кеңейту перспективаларын, сондай-ақ Coventry University Қазақстандағы қатысуын одан әрі нығайту мәселелерін талқылады.

Министрге автомобиль инженериясы мен авиақұрылыс салаларындағы университеттің озық әзірлемелері, сондай-ақ жаңа буын инженерлерін даярлауда қолданылатын инновациялық технологиялық шешімдер таныстырылды. Сонымен қатар 3D технологияларымен жабдықталған визуалды эффектілер мен цифрлық модельдеу бойынша жаңа зертханалардың жұмысы көрсетілді. Бұл зертханалар студенттер мен зерттеушілерге

авиациялық қозғалтқыштардың, күрделі механизмдер мен өнеркәсіптік құрылғылардың құрылымын виртуалды ортада егжей-тегжейлі зерделеуге мүмкіндік беріп, болашақта нақты өндірісте жұмыс істеуге қажетті практикалық дағдыларды қалыптастырады.

Кездесу аясында Coventry University-дің Қазақстандағы стратегиялық маңызы ерекше атап өтілді. Еске салсақ, 2024 жылы университет Астана қаласында өзінің алғашқы кампусын ашқан болатын. Бүгінде кампуса студенттердің екінші легі білім алады, ал жалпы білім алушылар саны 430 адамнан асты. ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігі дарынды жастарға мемлекеттік білім беру гранттары бөлу арқылы Coventry University Kazakhstan жобасының дамуын жүйелі түрде қолдап келеді.

Министр талқылау барысында бұл кездесудің Қазақстан мен Ұлыбритания арасындағы жоғары білім, ғылым және инновациялар саласындағы стратегиялық әріптестікті нығайтудағы маңызды қадам екенін атап өтті. Сондай-ақ ол Қазақстанның озық білім беру және технологиялық бастамаларды дамытудағы сенімді серіктес ретіндегі жоғары халықаралық беделін тағы бір мәрте айқындады.

www.gov.kz/memleket

ҚР ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІНІҢ ЖАҢАЛЫҚТАРЫ

ҚАЗАҚСТАН OPENAI EDU FOR COUNTRIES ХАЛЫҚАРАЛЫҚ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ АЛҒАШҚЫ ЛЕГІНЕ ҚОСЫЛДЫ.

OpenAI компаниясы OpenAI for Countries жаһандық бағдарламасы аясында Edu for Countries бастамасының алғашқы халықаралық легі іске қосылғаны жариялады. Бағдарламаға қатысушы елдердің алғашқы құрамына Қазақстан, Эстония, Сингапур, Біріккен Араб Әмірліктері, Иордания және Грекия енді.

Қазақстанның бұл бастамаға қосылуы жасанды интеллекттің білім беруге арналған арнайы нұсқасы – ChatGPT Edu жүйесін ұлттық білім беру жүйесіне жүйелі түрде енгізудің басталуын білдіреді. Қазақстан аталған халықаралық бағдарламаға қатысқан Орталық Азиядағы алғашқы мемлекет атанды. Жоба 2025 жылғы 6 қарашада Мемлекет басшысының Америка Құрама Штаттарына жасаған ресми сапары барысында қол қойылған ынтымақтастық туралы меморандум аясында қол жеткізілген келісімдер негізінде іске асырылады.

Қазақстанда ChatGPT Edu жүйесін енгізу аясында елдің білім беру ұйымдарына 165 000 лицензияны тегін беру көзделген, оның ішінде:

100 000 лицензия – мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік білім беру педагогтеріне;

62 800 лицензия – жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарының оқытушылары мен әкімшілік қызметкерлеріне;

2 200 лицензия – Astana Hub экожүйесінің қатысушыларына арналған.

Bett Show 2026: Саясат Нұрбек әлемнің жетекші технологиялық компанияларымен жұмыс кездесулерін өткізді. Халықаралық Bett Show 2026 көрмесі аясында ҚР Ғылым және жоғары білім министрі Саясат Нұрбек Lenovo, Intel, Microsoft және Google сынды әлемнің жетекші технологиялық компанияларының басшылығы мен өкілдерімен бірқатар жұмыс кездесулерін өткізді.

Қазақстанның ұлттық павильоны Bett UK 2026 халықаралық көрмесінде таныстырылды. ҚР Ғылым және жоғары білім министрі Саясат Нұрбек Ұлыбританиядағы Bett UK 2026 халықаралық көрмесіне қатысып, сондай-ақ жетекші университеттер, ғылыми

орталықтар мен әлемдік технологиялық компаниялардың өкілдерімен бірқатар кездесулер өткізді.

Бірінші күннің басты оқиғасы министрдің Bett UK 2026 – Leading EdTech көрмесіне қатысуы болды. Бұл – білім беру технологиялары саласындағы ең ірі халықаралық платформалардың бірі.

21 қаңтарда Лондонда ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігі ұйымдастыруымен Қазақстанның ұлттық павильонының ашылу рәсімі өтті. Ұлттық павильон жоғары және одан кейінгі білім жүйесін дамытудағы басым бағыттарды көрсетуге арналған алаңға айналды.

Соңғы жылдары білім мен ғылымға бет бұрған жастарға көрсетілетін қолдау айтарлықтай артты. Былтыр елімізде 93 мыңнан астам білім гранты бөлінді. Бұл көрсеткіш жыл сайын тұрақты түрде өсіп келеді.

Кейінгі бес жылда студенттердің шәкіртақысы екі есеге артты. Сонымен қатар 29 жатақхананың құрылысы басталып, соның 15-і пайдалануға берілді. Нәтижесінде, 2018 жылдан бері жатақхана ташпылығы 72,5 пайызға қысқарды. Бүгінде еліміздегі 30 жоғары оқу орнында жастарды жасанды интеллект бағытында оқыту қолға алынды.

Қазақстанда Оксфорд университетінің зерттеу институты жұмысын бастайды. Биыл елімізде Оксфорд хабы ашылып, университеттің 32 колледжі мен 100-ге жуық институтымен бірлескен ғылыми жобаларды іске асыруға жол ашылады. Сондай-ақ Coursera және Оксфордтың «Санд онлайн» бизнес мектебімен ынтымақтастық аясында жасанды интеллект, технология менеджменті және блокчейн бағытындағы курстар 95 қазақстандық ЖОО студенттеріне қолжетімді болады.

Қазақстан мен АҚШ-тың жетекші университеттері білім мен ғылым саласындағы стратегиялық серіктестікті кеңейтеді. ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігінің делегациясы АҚШ-тың жетекші университеттері – Arizona State University (ASU) және University of Arizona – басшылығымен стратегиялық серіктестікті дамытуға арналған екі маңызды кездесу өткізді.

МТГУ ақпаратты

ИСТОРИЯ ЖЕЛЕЗНЫХ ДОРОГ КАЗАХСТАНА (1945–1958 гг.)

Развитие железных дорог Республики начинается в далёком 1904–1906 годах со строительства линии Оренбург–Ташкент. В 1931 году сдан в эксплуатацию легендарный Турксиб, в 1940 году образована Карагандинская ж. д. С 1958 года по 1977 год существовала Казахская ж. д. с управлением в г. Алматы. С 1977 по 1997 гг. — три дороги: Алматинская (г. Алматы), Западно-Казахстанская (г. Актобе) и Целинная (г. Целиноград, ныне Астана).

С 1997 по 2002 год — Республиканское государственное предприятие РГП «Казакстан темір жолы», с 2002 года по настоящее время — АО «Национальная компания „ҚТЖ“». Читателю необходимо запомнить эти даты.

Думаю, что эта информация будет интересна ППС и обучающимся нашего Университета в деле воспитания патриотизма, знания истории отрасли, проведения кураторских часов, написания рефератов по социально-гуманитарным дисциплинам.

До 1958 года, когда была организована «великая» Казахская на пространствах страны, когда она ещё входила в состав СССР, кроме вышеуказанных Туркестано-Сибирской (Турксиб) и Карагандинской дорог, располагались Ташкентская, Оренбургская и Тобольская дороги.

С этой публикации мы начинаем серию статей об этих ж. д. линиях, охватывающих период с 1945 по 1958 гг.

Начнём с Ташкентской дороги.

ТАШКЕНТСКАЯ ж. д. — основная дорога, соединяющая среднеазиатские республики с железнодорожной сетью Союза; состоит из широтной линии Зиадин — Урсатьевская — Коканд, кольца Коканд — Горчаково — Андижан — Уч-Курган — Наманган — Коканд, поднимающейся к северу линии Урсатьевская — Ташкент — Джусалы и нескольких ветвей. Линия Зиадин — Урсатьевская — Ташкент построена в 1888–1899 гг., линия Ташкент — Арысь — Джусалы (и далее на Оренбург) — в 1906 г.

При советской власти, в результате ленинско-сталинской национальной политики, начинаются хозяйственный и культурный рост среднеазиатских республик, разработка естественных богатств, постройка заводов и фабрик и строительство отдельных линий, ведущих к месторождениям ископаемых. Таковы линии Андижан — Наманган (1924 г.), Скобелево — Кизил-Кия (1928 г.), Ассак — Шари-хан (1932 г.), Карасу — Ош (1931 г.), Джалал-Абад — Кок-Янгар (1931 г.), Мельниково — Шураб (1933 г.), Ташкент — Ангрен (1940 г.).

Т. ж. д. обслуживает Узбекскую ССР, части Казахской, Киргизской и Таджикской ССР, проходя через большую часть плодородной

Ферганской долины — крупнейшего из оазисов Средней Азии — и другие большие оазисы: Ташкентский, Голодностепский, Самаркандский с ценными поливными землями. Узбекистан — основная хлопковая база СССР.

Урожай хлопка резко повысился вследствие коллективизации сельского хозяйства, позволившей применить механизацию сельскохозяйственных работ и химизацию хлопковых полей. Большое значение имело также проведение ряда крупных ирригационных работ, как, например, сооружение в 1939 г. руками десятков тысяч колхозников Большого Ферганского канала им. Сталина, позволившего оросить большие пространства плодородной земли.

Впервые при советской власти развернулись разработки Кок-Янгарского, Ташкумырского, Шурабского и Ангренского угольных месторождений, снабжающих углём среднеазиатские республики; сооружены многочисленные новые и реконструированы старые хлопкоочистительные заводы, текстильные фабрики, в числе их крупнейший Ташкентский текстильный комбинат, шерстомойки и шёлкомотальные фабрики, рисоочистительные, фруктово-консервные заводы.

Наряду с предприятиями лёгкой и пищевой промышленности были выстроены крупные предприятия машиностроения (в числе их — Ташсельмаш им. Ворошилова). Значительно увеличена добыча нефти (Ферганская долина), развёрнута добыча цветных металлов, выросла цементная промышленность.

В годы Отечественной войны число предприятий тяжёлой индустрии увеличилось в несколько раз. В числе их сооружён Узбекский металлургический завод.

Перевозочная работа дороги определяется погрузкой хлопка, каменного угля, цемента и минеральных строительных материалов, транзитными перевозками нефтегрузов и многообразными грузами, поступающими в Среднюю Азию из других районов страны. Среди ввозимых грузов основные: хлеб, лес, каменный уголь и минеральные удобрения, поступающие с севера, и нефтегрузы с Ашхабадской ж. д.

Т. ж. д. граничит по ст. Зиадин с Ашхабадской, по ст. Арысь — с Туркестано-Сибирской и по ст. Джусалы — с Оренбургской ж. д. Управление дороги — в Ташкенте.

ИБРАИМОВ А. К.,
к. т. н., ассоциированный
профессор кафедры
«Транспортное строительство,
мосты и тоннели»,
Почётный железнодорожник.

Автоматика және байланыс құрылғыларын электрмен қоректендіру пәні бойынша ашық дәріс сабағы



2025 жылдың 06 қараша күні «Көліктегі Автоматтандыру және Электроэнергетика» кафедрасының профессоры, техника ғылымының докторы Сұлтангазиев Сүлеймен Қазиманұлы АИУ-23 қазақ тобына «Автоматика және байланыс құрылғыларын электрмен қоректендіру» пәні бойынша ашық дәріс сабағын өткізді. Дәріс тақырыбы: «Тұрақты ток кернеуінің транзисторлық түрлендіргіштері».

Ашық сабақ кафедраның қараша айына бекітілген ашық сабақтар жоспарына сәйкес өтті. Ашық сабақты өткізу барысында оқытушы профессор алдымен өткен тақырыпқа шолу жасап, автоматика жүйелердің анықтамасына, факторларына, элементтеріне, жіктелуі мен типтеріне тоқталды. Өтетін дәріс сабағын жоспарлап тақтаға

жазып, слайд арқылы кіріспе, мақсаты мен міндеті, транзисторлық түрлендіргіштердің түрлерін, жұмыс істеу принципіне, негізгі элементтеріне, артықшылықтары мен кемшіліктеріне лектор баяндап берді, қорытынды сөзінде профессор өндіріс салаларында қолдану, теміржол салаларында кеңінен қолданатынына жіктеліп тоқтады.

Студенттерге тақырыпты меңгертуде және алған білімдерін бекітуде өткен сабақтарды қайталау, «ширату», қиылысқан сұрау, пікірталас зияткерлік ойларын, сұрақ сияқты белсенді оқыту әдістерінің құралдары кеңінен қолданылды. Теміржол саласындағы кәсіби мағлұматтарға қызығушылық танытқан студенттер үшін мазмұнды және маңызды ақпарат ұсынды.

Дәріс материалдары презентация түрінде берілді. Сабақ соңында студенттермен тақырыптың түсініктілігін бағалау жүргізілді. Ашық сабақ жоспары мақсатына жетті және ЖОО талаптарына сай жоғары деңгейде өтті. Ашық сабақ студенттер мен жас оқытушыларға өз жобаларымен айналысуға, тұрақты даму саласында тәжірибелерін нығайтуға, ізденуге және нақты ғылыми мәселелерді шешуге бағытталған шешімдер ұсынуға мүмкіндік берді.

Шағиахметов Д.Р.
«Көліктегі Автоматтандыру және Электроэнергетика»
кафедрасының техника ғылымының кандидаты, доцент



ШАХМАТ – ЗИЯТКЕРЛІК МӘДЕНИЕТ



Президент Қасымжолант Кемелұлы Тоқаев біздің еліміздегі шахмат тек спорт түрі ғана емес, сонымен қатар, зияткерлік мәдениеттің, тәрбие мен білімнің маңызды элементі болып табылатынын атап өтті. Қазіргі цифрландыру технологиясының кең дамыған кезінде адамдар үкен ауқымды істерді тез қабылдап, сараптап, логикалық қорытындылар жасай білулері керек.

Алғашында, сонау, 2000 жылдары, Омаров Амангелді Жұмағалиұлының басшылығымен, үлкен үмітпен сенімді нық қадаммен университетіміздің алғашқы еңбек жолын бастап едік. Міне бүгінгі күндерде Халықаралық көлік - гуманитарлық университетімізге жиырма бес жыл! Қазір 25 жылдық тарихы бар, бірнеше оқу корпусы, спорт зал, жатақханасы, ғылыми - техникалық зертханалары бар, қалыптасқан білім ордасы. 25 жылды «кешегі» күннен еске алсақ, көптеген ғылыми конференциялардың, ғылыми - техникалық тәжірибелердің, маңызды ғылыми мақалалардың көзін ашқан орда. Бұған тағы, қаншама оқытушының докторлық, қаншама оқытушының кандидаттық білім дәрежесін алғанын қоссақ, қаншама жақсылықтың бастамасы болғанын білесің. Осыған орай “ ХКГУ-дің 25 жылдығына” арналған, 2025 жылы желтоқсанның 18-ші жұлдызынан 2026 жылы қаңтардың 12-ші жұлдызына дейін созылған оқытушы-профессорлар арасында шахмат турнирі өтті. Мемлекет басшысы шахматтың балалар мен

жастар арасында танымалдылығы артып келе жатқандығын, білім беру жүйесінде инфрақұрылымды дамытуға және шахматты ілгерілетуге ерекше назар аударуды тапсырды.

Халықаралық шахмат федерациясының (FIDE) президенті Аркадий Давидович, Қазақстанда қабылданған шахмат дамуының кешенді жоспарының мазмұны туралы айта отырып, ол мемлекет пен бизнес және ұлттық федерацияның бірлескен жұмысына жол ашты. Ол сондай-ақ өткен жылы қазақ шахматшылары, Халықаралық шахмат федерациясының аясында өткен барлық жарыстарда медальдардың ең көп санын жинағанын хабарлады. Сонымен қатар, шахмат “ Олимпиада -2028” жазғы олимпиада ойындарының көрсету бағдарламасына енгізілуі мүмкін екенін айтты.

Шахмат - бұл керемет өнер. Сондықтан Сіз, күнделікті шахматпен айналысу үшін, арнайы кітаптарды мұқият оқып, зерделеп талдап шығуыңыз керек.

Жасанды интеллект – бұл адамның ойлауын қажет ететін тапсырмаларды орындай алатын бағдарламалар мен машиналар жасаумен айналысатын ғылым саласы. ЖИ қолданудың алғашқы және маңызды бағыттарының бірі шахмат болды. Бұл ойынды ғалымдар ұзақ уақыт бойы интеллект, шешім қабылдау және стратегиялық ойлауды үйренуге ыңғайлы модель ретінде қолданған.

Неліктен шахмат?! Шахматтың нақты ережелері, шектеулі ойын

алаңы және мақсаты - қарсылас патшаға мат кою. Ойында кездейсоқтық жоқ, бәрі тек ойлау мен логикаға байланысты. Сондықтан шахмат жасанды интеллекттің мүмкіндіктерін үйрену және тексеру үшін өте қолайлы.

ЖИ үшін шахмат ойыны – бұл көптеген мүмкін нұсқалардың ішінен ең ұтымды қадамды таңдау.

Шахматта ЖИ қалай жұмыс істейді?

Шахмат ЖИ тақтадағы позицияны талдайды және ықтимал жүрістерді есептейді. Ол әр нұсқаны бағалайды және ең жақсы нәтиже беретінін таңдайды.

Бағдарлама мыналарды ескереді:

- *Фигуралардың күшін,
- *Тақтадағы позицияны,
- *Қарсыластың мүмкін жүрістерін,
- *Жеңіс немесе жеңіліс ықтималдығын.

Осылайша ЖИ кездейсоқ емес, есептеулер мен логика негізінде әрекет жасайды.

Осы шахмат турнирін өткізуге бар мүмкіншілігін жасап, қаржылай сый құрмет көрсетіп, турнирдің маңыздылығын арттырған, университетіміздің құрылтайшылары Ботагөз Амангельдиновна мен Гүлмира Амангельдиновналарға үлкен рахмет айта отырып, әрбір игі істеріңізбен жаңа бастамаларыңызға ойыншылар атынан сәттілік серік болсын дегім келеді. Және ойыншылар санын арттырып ойынның мағынасын жоғары деңгейге көтере білген, кафедра меңгерушілері Карпов Александр

Павловичке, Акаева Мадина Омарбековнаға, Байсүгурова Шынар Тастанбековнаға, Оразымбетова Айнура Жумабаевнаға және кітапхана меңгерушісі Хамзина Талшын Мерекеевнаға қатысушылар атынан зор алғыс айтамыз. Сонымен бірге ойын барысында техникалық құжаттарды рәсімдеу жағынан көмек көрсеткен жастар комитетінің бас маманы Төлеулиева Зәуре Агибаевнаға рахмет айта отырып, жаңа жылда жақсы жаңалықтар мен телегей табыс мол болсын деп, ойыншылар атынан тілек білдіремін.

Турнирге қатысушылардың нәтижесі: Ризашылық жүлделер: Абаев Марат Таубалдиевич, Қурманалиев Кәрім Шолпанқұлұлы, Бейсеев Нұрболсын Абдықадірұлы, Қадірманов Кеңес Алтынбекұлы.

1-ші орын Иманбердиев Догдыркул Джакипбаевич
2-ші орын Шарипов Қадірбек Сұлтанбекұлы
3-ші орын Омаров Нұржан Сұлтанұлы
4-ші орын Алибеков Сайлаубек Тынышбекович

Қатысушылар арнайы төс белгілер мен сыйақы және мадақтамалармен марапатталды.

ИМАНБЕРДИЕВ
Догдыркул Джакипбаевич
«Әлеуметтік гуманитарлық
және жаратылыстану
ғылым пәндері» кафедрасының доценті,
т.ғ.к

ОҚУ ЖЫЛЫ БАРЫСЫНДА ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН АШЫҚ САБАҚТАР МЕН КОНФЕРЕНЦИЯЛАР

Тәрбие мен білім – қоғам дамуының қос қанаты. Қай қоғамды алып қарасақ та, оның даму деңгейі ең алдымен тәрбие мен білім сапасымен өлшенеді. Тәрбие мен білім - бірін - бірі толықтыратын, ажырамас ұғымдар. Білім адамға ғылым мен танымның негізін үйретсе, тәрбие сол білімді дұрыс қолдануға бағыт береді.

2025-2026 оқу жылында «Әлеуметтік Гуманитарлық және Жаратылыс Ғылым пәндері» кафедрасының 1 - семестрде атқарылған жұмыстары студенттермен тығыз байланыста өтті. Кафедраның жылдағы оқу жоспарына байланысты кезекті және кезектен тыс ашық сабақтар, ашық дәрістер, ашық практикалық сабақтар, конференциялар мен мұражайға саяхат сабақтары болып өтті. Мұның өзі 1 - курс студенттерінің білімге деген қызығушылығын арттырады белгілі. Университет қабырғасында болған әрбір іс - шараның мақсаты студенттердің білімге деген, тәлім - тәрбиеге деген қызығушылықтарын ашудың әдіс - тәсілдері деуге болады.

Кафедра жетекшісі Акаева Мадина Омарбековна мен кафедра оқытушыларының ұйымдастыруымен тіл мерекесіне орай, өнерлі студенттерді анықтау мақсатында алғашқы тәрбие жұмысы жүргізіліп, университет көлемінде «Тілім менің – Тірлігімнің айғағы» тіл мерекесіне арналған әдеби музыкалық кеш ұйымдастырды. Мұндағы мақсатымыз: өнерлі студенттерді анықтап, белсенді студенттердің ортасына қосу болды. Біз мақсатымызға жеттік. Кеш керемет өтіп, студенттердің көңілінен шықты.

Тәрбие мен білім егіз ұғым. «Тәрбиесіз берілген білім - адамзаттың қас жауы», - деп шығыстың ұлы ойшылы, философ, ғалым Әбу Насыр әл - Фараби айтқандай біздің кафедра жұмысында екеуі қатар жүргізіліп келеді. «Физика пәнінен «Коллебельные процессы. Общая характеристика гармонических

колебаний» тақырыбында техникалық бағыттың 2-курс орыс топтарымен Дигарбаева Тамара Даркенбаевна ашық дәріс берді. Тлегенова Айман Сулейменовна «Өмірдің мәні және кәсіби өзін-өзі анықтау психологиясы» тақырыбында Фин-25к, ТД-25к, Эк-25к, Мен-25к, Мар-25к, УиА-25к мамандықтарына «МСПЗ-Психология» пәнінен ашық дәріс өткізді. Монтаева Ботагөз Абуталиповна практикалық ашық сабағын ағылшын тілі пәні бойынша мына тақырыпта : «My home is castle. Types of houses. Modal verbs» жоспар бойынша, ИС-25к, ВТИПО-25к, АиУ-25к, РЭТ-25к топтарына, Баязирева Эльмира Алмаккеримовна «My education: My University. Grammar: Past perfect tense» тақырыбында ашық практикалық сабағын экономикалық бағыт бойынша орыс топтарында, «Ecological problems» Тг-25 к тобында ағылшын тілі пәнінен, Ауезбаева Гульнура ашық сабақтар өткізді. 1-курс экономикалық бағытқа «Желілер және коммуникациялар» тақырыбымен Р.Ж.Нурпейсова, «Масс – медиа, технология и общество» тақырыбымен В.А.Бектемисова 1-курс техникалық поток студенттеріне «МСПЗ Әлеуметтану» пәнінен ашық дәріс берді. Б.М.Меркибаева «Физика 2» пәні бойынша «Корпускалық толқындық дуализм. Фотоэффект құбылысы» тақырыбында 2 - курс техникалық потоқта ашық практикалық сабақ өткізді. «Философия» пәнінен «Қоғам және мәдениет» тақырыбында 2-курс студенттеріне І.Ә.Матжанова, С.Ж.Асылбаева «Сызықты программалаудың транспорт есебі» тақырыбында 1-курс экономикалық бағытта, «Философия» пәнінен «Философия религии» тақырыбымен Ш.Д.Аухадиева 2-курс студенттерімен ашық пресс - конференция сабағын өткізді. Студенттер дәрісте алған философиялық ойларын «Экспресс ТЖ» газетіне мақала етіп жариялады. Өткізілген әрбір сабақтар оқытушы – профессор құрамының ізденісінен түрлі методикалық, әдіс-тәсілдерді пайдалана отырып, жан – жақты қарастырылған

байқауға болады. Ал, 1-2 курс орыс топағырымен Лим Виктория Владимировна, сот залынан «Студенты против коррупции» тақырыбында ашық дәріс берді. Жемқорлықпен күрес үні аясында осындай ойын түріндегі сабақ жоғары деңгейде өтті.

Тәуелсіздік күніне орай, «Тәуелсіз елім - тірегім» атты конференцияны, кафедрамыздың тарих пәнінің оқытушылары: Дюсембекова Үміт Дайровна мен Есетова Айгүл Алпамысқызы 1-курс студенттерімен ұйымдастырды. Конференцияға қатысқан студенттерге ректордың атынан мақтау қағаздары берілді. Ондағы мақсатымыз, студенттердің белсенділігін артты отырып, рух пен намысты оятуға тәрбиелеу.

Математика пәні бойынша т.ғ.к. кафедра доценті Д.Ж. Иманбердиев, физика пәні бойынша аға оқытушы, магистр Б.М.Меркибаева, ағылшын тілі пәні бойынша аға оқытушы, магистр Ж.Д.Рахимгазиева университет құрылтайшылары белгілеген ақшалай сыйлыққа ие болды.

«ХКГУ-дің 25 жылдығына» арналған, 2025 жылы желтоқсанның 18-ші жұлдызынан 2026 жылы қаңтардың 12-ші жұлдызына дейін созылған оқытушы - профессорлар арасында шахмат турнирі өтті. Сол турнирдің 1-ші орын иегері т.ғ.к. кафедра доценті Д.Ж.Иманбердиев, 2 - ші орын т.ғ.к.Қ.С.Шарипов, 3 – ші орын иегері Н.С.Омаров кафедрамыздың мақтанышы ғана емес, университет мақтаныштары. Ақшалай сыйлықтар мен ректор атынан дипломға ие болды. Жемістеріңіз құтты болсын әріптестер!

Қорытындылай келе, тәрбие мен білім – болашақтың іргетасы. Ұрпаққа сапалы білім мен ұлттық құндылықтарға негізделген тәрбие беру арқылы ғана рухани бай, зияткерлік әлеуеті жоғары, елінің ертеңіне жауапкершілікпен қарайтын азамат тәрбиелей аламыз.

ТЛЕГЕНОВА Айман Сулейменовна
«Экспресс ТЖ» кафедрасының аға оқытушысы, магистр

ЖАС МАМАННЫҢ КӘСІБИ ДАМУ ЖОЛДАРЫ

Біздің колледжде жас мамандардың білім беру сапасын арттыру, тәрбие жұмысын жетілдіру, білім алушыларды психологиялық - педагогикалық сүйемелдеу, педагогтердің кәсіби дамуын қамтамасыз ету секілді маңызды міндеттерді іске асыру

барысында еңбек етіп келе жатқан әдіскерлері - директордың оқу - әдістемелік жұмысы жөніндегі орынбасары Ш. Д. Белгожаева мен колледж әдіскері – Г. Т. Саркеева колледжіміздің жас педагог мамандарына өз әдістемелік нұсқауларымен бөлісті.

Биылғы 2025–2026 жаңа оқу жылында оқу журналын толтыру ісін сапалы іске асыру үшін колледждің тәжірибелі әдіскері - Гулнара Токаевна таныстырды. Сабақты әрбір педагог жоспар бойынша жаңа технология әдістерін пайдалана отырып ұйымдастыру жолдарын айта келе, студенттердің біліміне қарай бағалау, бағаны журналға қою және сабақ өту мерзімін, оқу сағат санын, сабақ тақырыптарын қалай толтыру жолдарын, жоспар бойынша СӨЖП (студенттердің өздік жұмысы педагогпен) жұмыстары, зертханалық жұмыстар журналға жазу үлгілерін алдын - ала дайындаған бейнежазба бойынша көрсетті.

Журнал толтырудың негізгі талаптары:

- 1.Сабақтың күні мен тақырыбын нақты жазу
- 2.Сабақ түрін көрсету (аралас сабақ, қорытынды сабақ, тәжірибелік сабақ т.б)
- 3.Сабаққа қатысқан студенттерді белгілеу

- 4.Бағаларды уақытылы енгізу
- 5.Бақылау жұмысы әр айдың соңғы күніне қойылуы
- 6.СӨЖП-нің журналға толтыру реті: №1. Сабақтың тақырыбы №2. 7. Тәжірибелік – зертханалық жұмыс (кімде бар) № 1.Сабақтың тақырыбы № 2. Ал, СӨЖП, СӨЖ жұмысын ұйымдастыру үлгілерін директордың оқу-әдістемелік жұмысы жөніндегі орынбасары Ш. Д. Белгожаева таныстырды.

Шолпан Дауытовна алдын ала дайындаған бейнежазба арқылы СӨЖ бен СӨЖП жазу міндеттері мен мақсаттарын, ұйымдастыру талаптарын төмендегіше түсіндірді: СӨЖ (Студенттің өзіндік жұмысы) дегеніміз - студенттің білімін тереңдету, тәжірибелік дағдыларын дамыту үшін өз бетімен орындайтын оқу тапсырмалары.

СӨЖП (студенттің өзіндік жұмысы педагогпен) дегеніміз - бұл студенттің дербестігін, білімге деген құштарлығын арттыруға бағытталған, оқытушының бағыттаушы және кеңесшілік қызметімен үйлескен, оқу процесінің маңызды және өзара байланысты бір бөлігі.

Студенттің өзіндік жұмысы – студент білімінің тереңдігі, дағдылары мен біліктілігіне, білім меңгеруіне ықпал ететін оқу процесінің ең негізгі элементтерінің бірі болып саналады. СӨЖ орындау арқылы

студент оқу процесінің белсенді мүшесі бола отырып, өз ойын еркін сондай-ақ нақты дәлелдермен жеткізе алатын дағдыларды үйренеді және меңгереді. Кредиттік оқу жүйесінде СӨЖ ұйымдастыру кезінде мына мәселелерге назар аудару қажет:

- тақырыптарға сәйкес СӨЖ тапсырмалары дәл және анық болуына;
- дәріс пен семинар сабақтарының СӨЖ орындауына ықпал ететіндей болуына;
- СӨЖ тапсырмаларының көлеміне және оны қабылдау формасына;
- СӨЖ тапсырмаларын орындауға ықпал ететін әдістемелік құралдардың болуына;
- СӨЖ орындауды және қабылдауды әр түрде өткізуге.

СӨЖ ұйымдастыру және қабылдау технологиясы мынадай этаптардан тұрады:

- СӨЖ жоспарлау, әдістемелік жағын қамтамасыз ету,
- СӨЖ бақылау мен бағалау, талдау және одан әрі дамыту.

СӨЖП топтық тапсырмаларды, жеке жұмыстарды орындауды көздейтін білім алушылардың аудиториялық жұмысы болып табылады. СӨЖ жүргізу кезінде педагог консультациялық жұмысты, оның ішінде СӨЖП тапсырмаларының орындалуын бақылауды жүзеге асырады.

Тақырыптар, тапсырмалар, ұсынылатын әдебиеттер, бақылау нысандары мен сағат көлемі көрсетілген СӨЖП тақырыбы оқу жылының басында пән/модуль бойынша жұмыс оқу бағдарламасында жоспарланады.

Колледжде оқытушының жетекшілігімен орындалатын өзіндік жұмыстың әртүрлі түрлері болуы мүмкін. Оқытушының басшылығымен өзіндік жұмыс түрлерінің үлгілері:

Жазбаша жұмыстар: талдамалық анықтамалар, жарнамалық мәтіндер, кестелер жасау, глоссарий, библиографиялар, тақырыптық кроссвордтар жасау, тапсырмалар жасау, эссе, есептер, жобалық және зерттеу жұмыстары, технологиялық карталар және т.б.

Студенттердің жазба жұмыстары, нақты мәселеге байланысты болуы тиіс. Жазба жұмыстарын орындау кезінде студенттер зерттеу жүргізеді, деректерді жинайды және талдайды, командада жұмыс істейді және өз нәтижелерін таныстырады. Зерттеу жұмысы олардың кәсібіне немесе пәніне байланысты нақты тақырып (мәселе) бойынша болуы тиіс.

Қорыта келе, биылғы оқу жылында білім алушылардың ойлау қабілетін дамытуды қалыптастыруға, ғылыми - танымдық іс-әрекетке белсенді қатыстыруға ерекше назар аудару керек, сондай-ақ білім алушылардың функционалдық сауаттылығын, цифрлық құзыреттіліктерін дамыту және үлгерімі төмен білім алушыларға академиялық қолдау көрсету бойынша жұмыстар жалғасын табады.

АПБАЗОВА Фатима Улыхановна
Жалпы білім беру бөлімінің әдіскері



өтті. "Тілектас" мейрамханасының әсем дизайны, жайлы атмосферасы және қызметі мерекелік кешке ерекше көрік берді. Мейрамхана залы мерекеге сай безендіріліп, түрлі жылтырақ шамдар мен әдемі декорациялар қонақтардың көңілін бірден көтерді. Әрбір үстел мұқият дайындалып, ұлттық және заманауи тағамдардан тұратын мәзір ұсынылды.

Бұл кешке университетіміздің профессор - оқытушылар құрамы мен қызметкерлері қатысты. Кештің басталуы. Кешті кәсіби тамада ұйымдастырды. Оның көтеріңкі көңіл - күй сыйлайтын әзілдері мен тапқыр сөздері кештің шырайын ашты. Тамада қатысушыларды ерекше жылулықпен қарсы алып, оларды ортақ мерекелік атмосфераға бірден баурап алды.

Кеш ұжым басшыларының Ә.Т.Тұрдалиев, Р.А.Қашабаева, А.Қ.Нуралинаның құттықтау сөздерімен, жақсы көңіл - күйде басталды. Кеш бағдарламасы қатысушылардың көңілін көтеретін ойындар мен өнерпаздардың шығармашылық қойылымдарымен толы болды.

Өн мен би: Кештің ең жарқын бөліктерінің бірі – оқытушылар мен қонақтардың орындаған әндері. Әсіресе, қазақтың халық әндері мен заманауи музыкалық туындылардың үйлесімі қатысушыларды ерекше тебірентті.

Ойындар мен сайыстар: Тамада ойындар ұйымдастырып, қатысушыларды ортаға шақырды. Әсіресе, «Кім жылдам?», «Сөз тапқанға қолқа жоқ» сияқты тапқырлыққа арналған ойындар көпшіліктің қызығушылығын арттырды. Сайысқа қатысушылардың барлығы сыйлықтарға ие болып, ерекше марапатталды.

Дастарқан басындағы әңгіме. Мейрамхананың ұсынылған мәзірі қонақтардың көңілінен шықты. Қазақтың ұлттық тағамдары мен заманауи ас мәзірі керемет үйлесім тапқан еді. Қонақтар дастарқан

БІР МАҚСАТ, БІР ҰЖЫМ, БІР ЖЫЛ – 25

2025 жылдың аяқталуы – әрқайсымыз үшін ерекше кезең. Жыл бойы атқарылған жұмысты қорытындылап, жаңа жылға жоспар құрудың символдық мәні бар. Осы орайда университетіміздің профессор - оқытушылар құрамына арналған 2025 жылды шығарып салу кеші Алматы қаласындағы, Алатау бөктерінің етегінде "Тілектас" мейрамханасында ерекше сән - салтанатпен жаңа жылдық кеш болып өтті.

Мейрамхана залы мерекеге сай безендіріліп, түрлі жылтырақ шамдар мен әдемі декорациялар қонақтардың көңілін бірден көтерді. Әрбір үстел мұқият дайындалып, ұлттық және заманауи тағамдардан тұратын мәзір ұсынылды.

Бұл кешке университетіміздің профессор - оқытушылар құрамы мен қызметкерлері қатысты. Кештің басталуы. Кешті кәсіби тамада ұйымдастырды. Оның көтеріңкі көңіл - күй сыйлайтын әзілдері мен тапқыр сөздері кештің шырайын ашты. Тамада қатысушыларды ерекше жылулықпен қарсы алып, оларды ортақ мерекелік атмосфераға бірден баурап алды.

Кеш ұжым басшыларының Ә.Т.Тұрдалиев, Р.А.Қашабаева, А.Қ.Нуралинаның құттықтау сөздерімен, жақсы көңіл - күйде басталды. Кеш бағдарламасы қатысушылардың көңілін көтеретін ойындар мен өнерпаздардың шығармашылық қойылымдарымен толы болды.

Өн мен би: Кештің ең жарқын бөліктерінің бірі – оқытушылар мен қонақтардың орындаған әндері. Әсіресе, қазақтың халық әндері мен заманауи музыкалық туындылардың үйлесімі қатысушыларды ерекше тебірентті.

Ойындар мен сайыстар: Тамада ойындар ұйымдастырып, қатысушыларды ортаға шақырды. Әсіресе, «Кім жылдам?», «Сөз тапқанға қолқа жоқ» сияқты тапқырлыққа арналған ойындар көпшіліктің қызығушылығын арттырды. Сайысқа қатысушылардың барлығы сыйлықтарға ие болып, ерекше марапатталды.

Дастарқан басындағы әңгіме. Мейрамхананың ұсынылған мәзірі қонақтардың көңілінен шықты. Қазақтың ұлттық тағамдары мен заманауи ас мәзірі керемет үйлесім тапқан еді. Қонақтар дастарқан



басында өткен жылдағы қызықты оқиғалар мен өздерінің жетістіктерімен бөлісіп, жылы лебіздерін жеткізді. Әріптестер арасында достық пен түсіністік нығайтып, болашақта бірлескен жұмыстарға деген ынта арта түсті. Бірліктің көрінісі: Кеш тек мерекелік көңіл көтеру ғана емес, сонымен бірге ұжымдық бірлікті нығайтқан шара болды. Әр кафедрадан және қызметкерлерден жаңа жылдық шоу нөмірлер ұсынылды. Көрерменнің көңілі көтеріліп қалғанын байқапты.

2025 жылдың қорытындысы: 2025 жыл университет ұжымы үшін табысты әрі жемісті жыл болды. Кеш барысында қатысушылар өткен жылдың негізгі жетістіктерін еске алды. Университет жаңа ғылыми жобаларды іске асырып, халықаралық деңгейде серіктестік орнатты. Студенттерге деген қолдау мен мотивацияға толы жыл болды.

Қорытындылай келе, 2025 жылды шығарып салу кеші бірлік пен қуанышқа толы әсерлі шара болды. Бұл кеш ұжым мүшелерін жақындатып қана қоймай, олардың алдағы жылға деген сенімін арттырды. Осындай шаралар ұжымдық рух пен достықты нығайтып, жаңа жетістіктерге жетелейтін ынтымақтың айқын үлгісіне айналды. Осы іс - шараның жоғары деңгейде өтуіне тікелей ұйымдастырушылық жасаған, университетіміздің құрылтайшылары Ботагөз Амангельдиновна мен Гүлмира Амангельдиновналарға үлкен рахмет айта отырып, әрбір игі істеріңіз бен жаңа бастамаларыңызға ұжымның атынан үлкен алғыс білдіреміз. Жаңа жыл отбасыларыңызға береке мен мол қуаныш, сәттілік алып келсін! Қонақтардың барлығының көңілін тауып, керемет сыйлықтар жасап, қуаныш сыйлаған Төлеулиева Зауре Ағыбаевнаға үлкен алғыс айтамыз. Еңбекте табыс пен отбасына береке бірлік тілейміз!

Келіп жеткен, Жаңа 2026 жыл армандардың орындалатын, бейбітшілік жылы болсын! Университетіміз өркендеп өсе берсін! Сәттілік серік болсын ұжымдастар!

ТЛЕГЕНОВА Айман Сулейменовна
«Экспресс ТЖ» газетінің редакторы

ЖАСТАР БІЗДІҢ БОЛАШАҒЫМЫЗ:

ТӘУЕЛСІЗДІК

Сол күндер желтоқсанның ызғары еді,
Қазақ жастары бұл күндері түңілмеді.
Ұлт қамы үшін шыққан еді сол алаңға,
Бұл күндері қазағым-ау, не көрмеді.
Талай қазақ қыздарында тоңдыра,
Талай қазақ ұлдарында ұрды да.
Ел билеуге алып келді Колбинді,
Дінмұхамет Қонаевтің орнына.

1986-шы жылы, көтерілді таза мұн,
Орыстардың ысырып тастап азабын.
Көне бердік, көне бердік шыдадық,
Шыдамныңда шегі барғой қазағым.
Желтоқсанның көтерілісі кернеген,
Азап шеккен батырларым тұр неге?
Қайсар рухты Қайратымның өзі де,
Құрбан болған тар қапасты түрмеде.

Тәуелсіздік бізге оңай жеткен жоқ,
Талай қазақ кеудесін бұл күткен оқ.
Ерліктері Жазира мен Ляззаттың,
Өше қоймас ел есінде елес боп.
Тәуелсіздік бас арманы болғанды,
Атамыз бен бабамыздан қалғанды.
Арманына жету үшін күрескен,
Ал бүгінде, біз жетіспіз арманға.
Іші дәулет, кең болсыншы керегең,
Ей еркіндік, қол жетпестей келіп ең.
Осы күнге жеткен ұрпақ еңселі,
Құтты болсын -Тәуелсіздік мерекең!!!



ТӘУЕЛСІЗДІК -ТҰҒЫРЫМ

Тәуелсіздік тағылым таңбаланған,
Аманат, мұра болған бар бабамнан.
Жүрегіме жағылған жарық нұрым,
Шекарам шегенделіп заң қаралған.
Ұлт жанына сыйлаған оттай жалын,
Елтаңбаммен еңселі текті аймағым.
Әуезді Әнұраным мәңгі айтылып,
Көгімде желбіресін көк байрағым

БІР ДЕМ

Бір дем қандай қымбат құны бар,
Бір дем деген, адамның бағы ашылар.
Бір дем сынап алар тағдыр жолын,
Бір дем қинап алар, шарасы бар.

Бір дем қуаныш боп жүрекке енер,
Бір дем қолын созып, жақын келер.
Бір дем шашу шашар, ақ таң болып,
Бір дем арман болып, биіктеренер

Бір дем жетпей тұрар, мұқтаж жанға,
Бір дем үміт отын қайта жағар.
Бір дем себеп екен құтқарғанға,
Бір дем қайта – қайта, қайталанар.

Бір дем мәңгілік жыр - елде қалар,
Бір дем көзге жас боп, мөлдір тамар.
Бір дем тағдыр болып жолға салар,
Бір дем үнсіз сырын ішке жабар.

Бір дем барда - бұл өмір мәнді болар,
Бір дем кетсе - көңіл әнсіз қалар.
Ғұмырында себепсізден бір демінді

ІШКІ ҮН

Жүрегім менің жүрегім,
Қиналып жүрсің білемін
Білмейсің не керегін
Бұл сұм дүние жалғанға
Кеше емес пе келгенің?
Жомарттардың бірі едім,
Бүгінге дейін тірі едім.
Аңқауым ба, көңілшен
Кесірі сол білемін.
Жүрегім менің жүрегім.
Ар жағында перденің,
Қайғымды, мұң ғып шертемін.
Күнәсі көп жандардай
Ашулансам жандардай,
Болып кейде кетемін.
Жұмақ үміт үрлемей
Бар екені білінбей
Қиындыққа кетермін.
Ең бастысы осы өмір,
Сыйластықпен, шың көңіл
Құдай алды тірегім
Адамдардың барлығы,
Бақытты болсын тілегім.
Ары кетсе 80 жыл...
Замандастар аман бол!
Бәріне соны тіледім!
Жүрегім менің жүрегім!

АБДИЖАМИЕВА Гүлбану
ИС-25 мамандығының 1-курс студенті

КЕУДЕМДЕ ҚАЛҒАН ІЗ

Көп болды, үн қатпадым сендерге,
Кеткен жоқсың -жүрсің менің кеудемде.
Тағдырменен арпалыстым күн-түнсіз,
Жазылармын... жетсем аман емдеуге
Түн – сырласым. Үнсіз ұғып мұнымды,
Сөз сұрамай, көтереді жүгімді.
Сол түндерде бүгілемін ойларға,
Сағынышым сен соққандай үгілді
Жазылармын... үміт мені жетелей,
Таң атқанда тынысым кең телегей.
Қалам алып, қайта табам өзімді
Жоғалтқандай болып кейде кетем-ей..
Бермей қойса Жаратушы мәнсіз қалар.

СТУДЕНТТІК ӨМІРДІҢ ЖАҢА ТАРАУЫ

«Алда не күтіп тұрғанын білмеймін, бірақ бұл тарауды ашуға дайынмын»

II тарау I бөлім



Бірінші курстың аяқталуы – бұл әр студенттің өміріндегі жеңіс. Дипломдық жұмыс немесе ғылыми жоба болмаса да, ол бір кезеңнің тұтас аяқталуын білдіреді. Мен үшін, Ернұр үшін, бұл жеңіс әдеттегіден де ауырлау болды.

Себебі, бұл тек оқу жылының ғана емес, менің МТГУ-гі өмірімнің бір кезеңінің аяқталуы еді.

Есімде, Халықаралық көліктік - гуманитарлық университетінің жатақханасында Алматы, Жандос және Аяулыммен бірге төрт жыл тұратындай көрінетінбіз. Бірақ уақыт өз дегенін істеді. Жандос пен Аяулым басқа қалаға, тіпті, басқа университеттерге ауысып кетті. Алматы та басқа оқу орнына, әскери мамандыққа бет бұрды. Бәріміздің жолымыз бөлінді. Бұл менің жатақханадағы өмірімнің де соңы еді. Жатақхана бөлмесі бізсіз де толып қалады. Мен ол жерде бұрынғыдай жайлылық сезіне алмайтындығым түсіндім. Сондықтан мен де пәтер жалдауға шешім қабылдадым. Енді менің жаңа мекенім – университетке жақын орналасқан шағын ғана пәтер.

Екінші курс. МТГУ-дің дәліздеріндегі таныс жүздер азайып, олардың орнын толықтыруға

тырысқан, үмітке толы жас студенттердің легі келді. Менің өмірімдегі өзгерістер тек тұрғылықты жермен шектелмейді. Енді менің күнім тек өзімдікі. Бірақ бұл "бос орын" менің өміріме жаңа достарға, жаңа әзіл-қалжыңдарға және жаңа қызықтарға орын беретінін түсіне бастадым. Біздің ескі "төрттік" енді әртүрлі қалаларда. Бірақ менің МТГУ-дегі өмірім жалғасуда.

Алдымда не күтіп тұр? Кім біледі, бәлкім, дәл осы екінші курста мен бұрынғыдан да мықты, тіпті, бұрынғыдан да қызықты жаңа достар тауып, МТГУ-дің жаңа оқиғаларын бастан кешіремін. Себебі, студенттік өмір ешқашан тоқтап қалмайды. Студенттік өмірдің алғашқы апталары сабақтар, кітапханаға тіркелу және ең бастысы – топтағы жаңа адамдармен танысумен өтті. Біздің топқа басқа факультеттен ауысқан және жаңадан келген бес студент қосылды. Олар – үшеуі ұл, екеуі қыз. Бәрі де жас, ашық, қарапайым жандар болып шықты.

Ұлдардан – Айдар мен Димаш бірден көзге түсті. Айдар – нағыз әзілқой, ешқашан сөзі қалтасында жатпайды. Ол бірден Жандостың орнын баса алмаса да, топтың шулы орталығына айналды. Димаш – оның керісіншесі, өте байсалды, бірақ оның дәптерлері, міне, маған Алматы еске түсіреді. Ол барлық тапсырманы уақытында және мінсіз орындайтын «ақылды бас».

Ал, қыздар – Арай мен Мадина. Арай – өте ұялшақ, бірақ мейірімді, үнемі тыныш отырады. Мадина – тік мінезді, алайда оның күлкісі бүкіл дәлізді жаңғыртады. Ол өзінің ашық мінезімен бірден біздің топтың

белсендісіне айналды.

Бірде, Айдар бізді (мені, Димашты, Арайды және Мадинаны) университеттен кейін бірге кофе ішуге шақырды. Біз отырған кезде, Айдар маған қарап: «Е, Пәтерлік! Жатақханада қалып, бірінші курсқа "аға" болып ақыл айтпадың ба? Тыныш пәтеріңнен жалыққан жоқсың ба әлі?», – деп қалды. Мен оған: «Жоқ, әлі жалыққан жоқпын. Енді сабаққа ерте тұрып, автобуска мініп келу керек, бұрын бәрі екі қадам жерде еді», – деп жауап бердім. Сол кезде Мадина күліп: «Дұрыс! Біз сені жатақхананың шуынан құтқардық, Ернұр! Енді бізбен бірге жаңа оқиғаларды бастайсың!», – деді.

Мен осы бес адаммен бірге екінші курстың қалай өтетінін елестетіп, ескі достарымды сағынсам да, жүрегімде бір жылдылық сезіндім. Менің МТГУ-дегі өмірім жалғасуда. Жаңа, қызықты әрі күлкілі оқиғалар енді ғана басталып жатқан сияқты. Жаңа достардың танысуы және бір-бірімізге үйренуі өте жылдам өтті. Әсіресе, Айдар мен Мадинаның арқасында. Біздің "жаңа бестік" – мен, Айдар, Димаш, Арай, және Мадина – университет қабырғасында әрдайым бірге жүретін болдық. Бірде бізге ең қиын бір пән бойынша профессор, шұғыл жобаны дайындауды тапсырды. Жобаның мерзімі – екі-ақ күн, ал тақырыбы – біздің әлі оқып үлгермеген бөлігіміз. Біз дереу жиналып, университеттің ескі кітапханасының тыныш залында талқылауды бастадық. Димаш ақпаратты тез іздеуге кірісті, Арай керекті кітаптарды тауып келді, ал Айдар үнемі әзіл айтып, бізді шаршатпауға тырысты.

Айдар: – Осы пәнді оқудың орнына,

профессордың емтиханда сұрайтын ең "сүйікті" сұрақтарының тізімін табайықшы!

Мадина: – Әзілді қойшы, Айдар! Қазір тыныш отырып жұмыс істемесек, келесі сабақта бәрімізге аз балл қояды. Талқылау кезінде мен ескі достарымды еске алдым. Мен Алматы оқуға деген мұқияттылығын, Жандостың таңғажайып әзілдерін айтып бердім. Олар да өздерінің бұрынғы топтарындағы күлкілі сәттерді айтып, арасында менің ескі достарымды өздерінің жаңа "нұсқасы" деп әзілдеп жатты. Түн ортасына жақын, жобаның негізгі бөлігін аяқтаған соң, біз қатты шаршаддық. Бізді кітапхананың қызметкері шығарып салған кезде, университет дәлізінде тағы бір күлкілі жағдай болды. Айдар, шаршағандан ба екен, әлде әдеті ме, Димаш пен Арай университет қабырғасындағы бір постерді талқылап тұрғанда, оларға арқасымен жақындады да, Димаштың арқасына секіріп мінді.

Айдар: – Жүгір, тұлпарым Димаш! Мені тобымның атынан жеңіске жеткіз!

Димаш бұл әрекетті күтпеген еді, ол тепе-теңдікті сақтай алмай, екеуі де еденге тарс ете қалды. Димаштың қолындағы қалың кітаптар шашылып кетті. Біз Мадина екеуіміз қатты күліп жібердік. Арай ұялып, кітаптарды тез жинай бастады.

Мен ескі достарымды сағынсам да, бұл бес адаммен бірге екінші курстың қандай қызық болатынын сезіндім. Жаңа оқиғалар МТГУ-дің әрбір бұрышында бізді күтіп тұр.

СЕРИКБАЙ Ильяс

«Кеден ісі» мамандығының, 2-курс студенті

ҚЫС ҚЫЗЫҚТАРЫ – ҚЫСҚЫ ДЕМАЛЫСТА

Емтихан сессиясы аяқталып, біз, бизнес және басқару мамандықтарының 2-курс студенттері үшін 1-семестр сәтті қорытындыланды. Жауапты кезең артта қалып, көптен күткен қысқы демалыс басталды. Бұл уақыт біз үшін тек тынығу ғана емес, өзімізді дамытуға, ой елегінен өткізуге берілген мүмкіндік болды.

Сессия барысында уақытты тиімді жоспарлау, стресс жағдайында шешім қабылдау және жауапкершілікпен әрекет ету сияқты дағдыларымыз айқын байқалды. Бұл қасиеттер болашақ басқарушы мен кәсіпкер үшін аса маңызды. Демалыс кезеңінде біз осы дағдыларды әрі қарай дамытуға тырыстық.

Қысқы демалыста студенттер пайдалы әрі мазмұнды фильмдер көруге уақыт бөлді. Атап айтқанда, бизнес пен көшбасшылық тақырыбындағы «Основатель», «Әлеуметтік желі», «The Wolf of Wall Street» /Уолл – стрит қасқыры/, «Манибол» сынды фильмдер көптеген ой тастады. Бұл туындылар табандылық, тәуекелге бару, стратегия құру және командамен жұмыс істеудің маңызын тереңірек түсінуге көмектесті.

Сонымен қатар демалыс барысында кітап оқуға ерекше мән берілді. Болашақ мамандар

ретінде бізге Роберт Кийосакидің «Бай әке, кедей әке», Стивен Ковидің «Жоғары нәтижелі адамдардың 7 дағдысы», Дейл Карнегидің «Достар табу және адамдарға ықпал ету», Питер Друкердің басқару жөніндегі еңбектері үлкен мотивация берді. Бұл кітаптар қаржылық сауаттылықты арттырып, басқарушылық ойлау қабілетімізді дамытуға ықпал етті.

Қысқы демалыс бізге жеке өсу тұрғысынан да үлкен әсер етті. Өз уақытымызды жоспарлап, мақсат қоя білуді, өз-өзімізге талдау жасауды үйрендік. Кейбір студенттер онлайн курстарға қатысып, бизнес-жоспар құру, маркетинг негіздері мен көшбасшылық дағдыларын жетілдіруге назар аударды.

Қорытындылай келе, қысқы демалыс – біз үшін тек демалу кезеңі емес, кәсіби және тұлғалық өсуге бағытталған маңызды уақыт болды. Алда жаңа семестр, жаңа пәндер мен жаңа белестер күтіп тұр. Демалыста жинаған күш-жігер мен білімімізді алдағы оқу үдерісінде тиімді пайдаланып, болашақта ел экономикасының дамуына үлес қосатын білікті маман болуға ұмтыламыз.

АЛТЫНБЕК Аружан

«УиА» мамандығының 2-курс студенті